



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

деп аударылғанын көріп жүрміз. Бұл терминдердің түбірі ревматизм, анафилаксия, аплазия болғандықтан, қосымшалар осы түбірлерге дұрыс жалғанып, ревматизмдік, анафилаксиялық, аплазиялық болып жазылуы керек.

Қазақ лингвистикасында термин жасаудың толып жатқан жолдары бар. Соның бірі - халықаралық қолданыстағы терминдерді өз тілімізге ендіру. Алайда осы тұста ескертетін бір қағида бар. Қазақ терминологиясының негізін салған, ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынов халықаралық терминдер қазақ тіліне аударылғанда аударма түп мағынасын дәл бермесе, онда терминді сол күйінде алу туралы қатаң ескерткен болатын. Біз бұл өсиеттерді жиі естен шығарамыз. Мәселенің байыбына бармай, аударуға құмарлық басым болып тұрады.

Терминология саласы өте қиын, ал медицина тілінде бұл тіптен қиын. Бірнеше мысал келтірсек, бір кездері реанимацияны «жан алып жан беру бөлімі» деп жазып қойыпты, қазір жансақтау бөлімі дейді. Қазақ халқы әр сөзге мән беретін халық. Ауыр халдегі науқас «жансақтау» деген сөзді көріп ақ, «жаным сақтала ма?» деп одан әрі нашарлап кетеді ғой. Одан да сорақысы бар. Қазір жарнамада геморрой дегенді «көтеу» деп айтып жүр. Қазақ сөз таңдап, байыппен айтатын халық. Адамның арт жағын білдіретін сөзді ешқашан жар салып айтпайтын. Одан кейін «медбике» деген сөз маған сорақы естіледі. Бике деген сөзді алып «мед» деген орысша сөзге жалғай салған. Біздің тіл –Абайдың тілі,бай тіл. Медбике деп қыздарға айтылса, ал ербалаларға қандай сөз қолданамыз? «Медаға», «медіні» дейміз бе? Сондықтан терминологияда аударуға келмейтін терминдерді сол күйінде қалдырған дұрыс. Медицинаның қазақшалуына мен қарсы емеспін, тек халықаралық терминдерге тиіспеген жөн».

Дүниежүзінде тілдік айналымда жүрген бірнеше жүз мыңдаған медицинаға қатысты терминдер бар. Медицинамен шектесіп жатқан білім салаларының терминдерін есепке алмағанның өзінде тек медицинаның ғана сөздік қорында қанша сөз бар екенін дөп басып айту өте қиын.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақ тілі – ғажап тіл. Тек оны насихаттай білуіміз керек, оқыта білуіміз керек. Ғажап тілді азап тіл сияқты етіп көрсететін оқулықтардан құтылуымыз керек» деген сөзі алдағы уақытта басшылыққа алынса деген тілегім бар.

Қолданылған әдебиет

1. Ахмет М. А. Медицина терминдерінің сөздігі, Алматы 2005ж.
2. Исамбаев М. Сәрсенова Ш. Русско казахский словарь медицинских терминов. Алматы 1982г.
3. Ахмет М. А. Медицина терминдерінің сөздігі, Алматы 2009ж.
4. Жандар К. Е. Тәнтану атауларының латынша-қазақша-орысша сөздігі, Алматы 1996ж.

ӘОЖ 811.512.122 '42

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫ ЖӨНІНДЕ

Әбенова Әйгерім

abenova-aigerim@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.Мәуленова

Міржақып Дулатұлының тілдік тұлға ретіндегі болмысын ашуға ұмтылыс тіл мен мәдениет сабақтастығын дәйектейтін өзекті мәселелердің санатындағы қажеттіліктен туындап отыр.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан бері жан-жақты қарқынды дамып, өз тарихының зерттелмей жатқан беттерін түсіндіруге, зерделеуге жол ашты. «Мәдени мұра», «Алаш мұрасы» бағдарламалары бекітіліп, қыршын кеткен арыстарымыздың еңбектері зерттеліп, жарық көре бастады. Алғаш **«Оян, қазақ!»** деп үн

катқан ардақты ағамыздың тілдік тұлға сипатын дәлелдеу осы тектес зерттеулердің басты мақсаты.

Бұл орайда кейінгі кезде арнайы ғылым ретінде қалыптасып, көптеген тың мәселелердің көтерілуіне негіз болған мәтін лингвистикасының орны ерекше, себебі мәтін лингвистикасы тілдік фактілердегі тілдік бірліктердің тіркесімділігін, олардың сөйлеу кезіндегі бөлінуін түсіндіріп қана қоймайды, сондай-ақ мәтіннің пайда болу және қабылдану жағдайы, автордың прагматикалық және коммуникативтік бағдары, жазушының мәтінде құрастырған әлем моделін жалпы әлемнің өзімен байланыстыруы сияқты тілден тыс факторлар да қолданылады.

Когнитивтік лингвистикада алғаш рет қарастырыла бастаған «Тілдік тұлға» мәселесі қазақ тіл білімінде де кеңінен зерттеліп, сөз бола бастады. «Тілдік тұлға» ақынның немесе жазушының образы әдебиет тұрғысынан және тілдік тұрғыдан зерттеліп келеді. Көркем әдебиет тілінің ерекшеліктері отандық және шетелдік тіл білімінде көптен бері зерттеу нысаны болып келе жатыр. Мысалы, қазақ тіл білімінде Қ.Жұбанов, М.Балақаев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, Р.Сыздықова, Х.Нұрмұқанов, Е.Жанпейісов, М.Серғалиев, Х.Кәрімов, Б.Шалабай, Н.Уәлиев еңбектерінде көркем әдебиеттің тілдік фактілері сараланып, қазақ көркем мәтініндегі сөздің эстетикалық қызметі қарастырылады.

Ал ресейлік В.В.Виноградов, М.Н.Кожина, А.Н.Гвоздев, Р.А.Будагов, А.И.Ефимов, В.П.Мурат, М.М.Бахтин, Л.Н.Тимофеев, Е.А.Земская, П.Б.Коржева т.б. ғалымдардың еңбектерінде көркем әдебиет стилі жан-жақты қарастырылып, олардың ғылыми тұжырымдары ұзақ жылдар бойы көптеген зерттеулерде басты ұстаным болып келеді.

Дәстүрлі лингвистика негізінде одан әрі даму үстіндегі қазіргі тіл білімінің антропоцентристік бағыты негізгі назарды сол шығарманы жазушының жанына, танымдық болмысына аударады да, тілді соның нәтижесі, көрінісі деп қарайды.

«Тілдік тұлға» мәселесінде басты ерекшелік тұлғаның жай саналы адам аумағынан кең көлемге өзінің тілдік ерекшелігі арқылы шығып кетуінде жатыр. Кез келген жеке тұлға өзінің тілдік емес басқа қасиеттерімен жұртқа танылғанымен, тілдік тұлға бола алмайды. Оның басты себебі, жеке тұлғаның тіл қаруымен қаруланбауында жатыр. «Тілдік тұлға» есімі, оның айтқан сөздері, шығарған өлең-жырлары, жазған мақалалары ел есінде мәңгі қалуы тиіс.

Академик В.В.Виноградов тілдік тұлғаны екіге бөліп зерттеген: автор тұлғасы және кейіпкер тұлғасы [1]. Ал, Ю.Н.Караулов көркем мәтінді тірек ретінде алып, тілдік тұлғаның үш деңгейлік үлгісін жасайды [2].

Шын мәніндегі тілдік тұлға құрылымы – кешенді құбылыс. Мысалы, Міржақып Дулатұлының шынайы тұлғалық келбеті оның барлық қырын зерделеу арқылы аңғарылады. Себебі «тілдік тұлға» мазмұнына, В.А.Маслованың көрсетуінше, мынадай компоненттер енеді: 1) құндылық, дүниетанымдық, тәрбие мазмұны компоненті, яғни құндылықтар жүйесі және өмірдің мәндері; 2) мәдениеттану компоненті, яғни тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі; 3) жеке тұлғалық компонент, яғни, әр адамда бар терең жекелік қасиеттер [3]. Тілдік тұлғаның қуаты - сөз, ойы – қоғамдық ісінен көрінеді, ал психологиясы – ұлт перзенті ретінде халқын сүюі сезімімен өлшенеді. Осы үш қасиет бірлесіп келіп, адамның бойындағы игі, ізгі қасиеттердің оянуына, зиялы қауым өкілі ретінде «арнау» айту қажеттілігі туындайды.

Тілдік тұлға сипатына ену мақсатты түрде жүзеге аспайды. Оның дамуына қозғаушы күш, яғни ұлттық сезімнен немесе табиғи дарынның қабілетінен туған ішкі жағдайлар әсер етеді.

Тілдік тұлғаның қалыптасуына мына алғышарттар пайда болуы тиіс деп ойлаймыз: 1. *Ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие);* 2. *Ұлттық тілдегі өлшемдер (қабылданған, қабылданбаған құндылықтар);* 3. *Мәдени ақпарат (салт-дәстүр, әдет-ғұрып);* 4. *Рухани сана (дін қағидалары);* 5. *Үлгі тұтатын тұлғалар (Абай, Шоқан т.б.);* 6. *Озық білім жүйесі;* 7. *Тектілік интеллектісі.* Міне, осы қасиеттерді бойына жинаған индивид, саналы адам дәрежесінен тұлға одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады.

М.Дулатұлының таным әлемі және қоғамға, тілге деген еңбегінің қозғаушы күші тілін зерттегенде ғана айқындалады.

Міржақып шығармашылығына халық ауыз әдебиеті әсер еткен бірінші бастау екенін өз еңбектерінде фольклор жанрының үлгілері мен деректерін үзбей пайдаланылуы айғақтаса керек. Әсіресе, балаларға арналған педагогикалық еңбектерінде, оқу құралдарында фольклор үзіктері үзбей қолданылады. Мысалы, «Қобыланды мен Тайбурыл», «Қара батыр» ертегісі т.б. Міржақып сонымен қатар, дәстүрлі шығыс әдебиетінің өзіндік ерекшелігін бойына қабылдайды. Шығыс ойшылдарының еңбектері, ислам дінінің имандылық мәні Міржақыптың алғаш танысқан әдеби үлгілер болатын. Кейіннен ол алдыңғы қатарлы орыс әдебиетін оқыған, көзі ашық ағартушы дәрежесіндегі тілдік тұлғаға айналды. Абай өлеңдері жарыққа шыққаннан бастап Міржақып әдеби тұлғасына ерекше әсер еткен дана Абай көрсеткен жол еді.

Міржақыпты тілдік тұлға ретінде танытатын қырының бірі - оның публицистикасы. М.Дулатұлының мақалалары «Қазақ» газетінде, «Айқап» журналында жарияланған.

Міржақыптың шығармашылық тіліндегі бір көрінісі - араб тілінен аударған Әл-Фараби замандасы, араб ақыны Абу Фарастың «Тағдырдан сұра, қаскүнем» өлеңі, А.С.Пушкиннен, М.Ю.Лермонтовтан, Н.Ановтан жасаған әдеби аудармаларымен қатар, әртүрлі заңдар, кітапшалар, оқу құралдарының аудармалары.

Ауыз әдебиеті нұсқалары, ақын-жыраулар шығармашылығы, Абай туындыларынан бастау алатын М.Дулатұлының тілдік тұлғасы көптеген туындыларымен толықты. Оның жарық көрген еңбектері: «Оян, қазақ!» – Уфа, 1909; «Бақытсыз Жамал» – Қазан, 1910; «Азамат» (өлеңдер жинағы) – Орынбор, 1913; «Терме» (жинақ) – Орынбор, 1915; «Есеп құралы» оқулығы – Орынбор, 1914; Бастауыш мектепте екі жыл оқылатын Қирағат кітабы – Орынбор, 1916; «Қирағат кітабы» 1923 жылы; «Есеп құралы» 1927 жылы өңделіп, алтыншы рет басылды.

Алаш ағартушыларының ортақ идеясы халықтың санасын оятып, оқу-білімге үндеу болатын. Бұл жөнінде Қ.Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасын зерттеген тілші О.Жұбаева былай дейді: «XX ғасырдың басы қазақ тарихында рухани ояну дәуірі болғаны белгілі. Ұлттың өзіндік белгісін сақтап қалатын негізгі қасиеттерінің бірі – тіл екенін терең түсінген қазақ зиялылары өз беттерінше білімін жетілдіре отырып, қазақ тілі бойынша оқулықтар жазған, баспасөз бетінде түрлі пікірталастар ұйымдастырып отырған. Қазақ тіл білімінің сол кезге дейінгі зерттелу жайы мен жалпы тіл біліміндегі түрлі бағыт-көзқарастармен таныса отырып, қазақ тілінің өзіндік болмысын танытуға тырысқан».

Қолданылған әдебиет

1. Виноградов В.В. О языке художественной литературы. Москва. 1959. 36 с.
2. Караулов А.Ю. Русский язык и языковая личность. Москва. 1987. 264 с.
3. Маслова В. А. Когнитивная лингвистика. Минск. 2004. 256 с.

ӘОЖ 811.512.122'366

КОНТАМИНАЦИЯ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СИПАТЫ

Әмілбекова Тоғжан

amilbekova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 3-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.О.Сыздықова, ф.ғ.д., доцент

Контаминация (лат.contaminatio қосылу, араласу) – сөз тіркестерінің немесе ұқсас тұлғалардың бірігуі, тоғысуы, шектестігі нәтижесінде туған жаңа сөз я сөз тіркесі; семантикалық, қызметтік, құрылымдық жақындық негізінде екі тіл бірлігінің элементтерінің сөйлеу кезіндегі араласуы. Мысалы, «қолы жүйрік» деген тіркеске шектестіктен «қаламы